

Қан қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдарда қан мен оның компоненттерін, қан препараттарын, консервациялау құралдарын дайындау, өндіу, сақтау, өткізу ережесін бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 22 қыркүйектегі N 465 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 13 қазанда тіркелді. Тіркеу N 3886. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2009 жылғы 6 қарашадағы N 666 Бұйрығымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2009.11.06 N 666 бұйрығымен.*

"Қан мен оның компоненттерінің донаорлығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қан қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдарда қан мен оның компоненттерін, қан препараттарын, консервациялау құралдарын дайындау, өндіу, сақтау, өткізу ережесі бекітілсін.

2. Емдеу-алдын алу ісі департаменті (Нерсесов А.В.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуге жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Ұйымдастыру-құқықтық жұмыс департаменті (Ақрачкова Д.В.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрі С.Ә.Диқанбаеваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр*

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2005 жылғы 22 қыркүйектегі  
N 465 бұйрығымен бекітілген

**Қан қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдарда қан мен оның компоненттерін, қан препараттарын, консервациялау құралдарын дайындау, өндіу, сақтау, өткізу ережесі**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы ереже қан қызметі ұйымдарында қан мен оның компоненттерін, қан препараттарын дайындау, өндеу, сақтау, өткізу тәртібін белгілейді.

2. Донорлардан қан дайындау медициналық ұйымдарының қанға, оның компоненттері мен препараттарға деген мүқтаждығын қанағаттандыру және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар үшін жұмылдыру қорын құру мақсатында жүзеге асырылады.

## **2. Қанды дайындау мен өндеу**

3. Донорлардан қанды стационарларда немесе көшпелі жағдайда қызметін қан қызметі саласында жүзеге асыратын және тиісті лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымдары, Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау жүйесінің емдеу-алдын алу ұйымдарының қан құю бөлімшесінде (бұдан әрі - ҚҚБ) дайындайды.

4. Донордан қан алу тек жеке басын куәландыратын құжаты болған кезде ғана жүргізіледі.

5. Көшпелі жағдайда кәсіпорындарда, ұйымдарда және оқу орындарында донорлардан қан алуды қызметін қан қызметі саласында жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының көшпелі бригадасы жүргізеді. Қан алу үшін донорлардың медициналық куәландырылуын, олардың тіркелуін, қан алуды, донорлардың донорлық функцияны жүзеге асыру туралы анықтама беруді және тегін тамақтануды қамтамасыз ететін қан дайындау пункті ашылады.

6. Көшпелі жағдайда қосалқы жұмыстар жүргізу үшін қосымша қан дайындауды ұйымдастыратын кәсіпорындардың, мекемелердің қызметкерлерінің арасынан еріктілер тартылуы мүмкін.

7. Қан алуды (бұдан әрі - эксфузия) дәрігер немесе медбике (бұдан әрі - эксфузионист) жүргізеді.

8. Қанды гемакон ұлгісіндегі әртүрлі сыйымдылықтағы полимерлі контейнерлерде дайындайды.

9. Қан алу үшін барынша таза және жарық, жақсы желдетілген дымқылды санитарлық тазарту оңай жүргізілетін және донорлық орындардың қажетті санын орналастырылатын бөлмелер бөлінеді.

10. Жұмыс орындарын тарату кезінде донорлардың қан алуға байланысты барлық кезеңді өтуі қамтамасыз етіледі, донорлардың ерсілі-қарсылы жүруі мен жұмыстың жекелеген кезеңінде үлкен топтардың жиналыш қалуы болмайды.

11. Қан алуға арналған үй-жайларда дымқылдан тазартуға оңай болатын қажетті үсті жалпақ қажетті мынадай жабдықтар болады:

донорларға арналған креслолар;

ексфузионистің гемакондар, шыны аспаптар, антисептикалық ерітіндісі бар ыдыстар орналастырылған үстелі;

стерильдеу материалына, аспаптарға арналған үстел;  
медициналық тіркеушіге арналған үстел;  
пайдаланылатын жүйелер мен іріктелген материалды жинауға арналған  
қақпағы бар ыдыстар;  
дезинфекциялаушы ерітіндісі бар ыдыстар.

12. Үй-жайларды, жабдықтар мен мүккамалдарды санитарлық тазарту мен дезинфекциялау Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің "Аурухана ұйымдары мен ана мен баланы сақтау ұйымдарын салу мен ұстауға талаптар" туралы санитарлық ережелер мен нормаларды бекіту туралы" Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1913 тіркелген 2002 жылғы 24 маусымдағы N 23 бүйрығымен бекітілген Санитарлық ережелер мен нормалардың талаптарына сәйкес жүргізіледі.

13. Қан алатын үй-жайда тұра жұмыстың алдында донорлардың орынынан барынша алшақ қойылған стерильденген медициналық бұйымдар мен жұмсақ материалдарға арналған үстел дайындалады.

14. Донорлар қан тапсыруға таза киімімен және аяқ киімімен жіберіледі, аяқ киімінің сыртынан баҳила кигізіледі.

15. Қан алу кезінде тыныштық пен тәртіп сақталады, артық жүргуге, әңгімелесуге, донорлардың ағынын бұзуға жол берілмейді.

16. Көшпелі жағдайда қан алу жабдықталған үй-жайларда, сондай-ақ автокөліктерде, теміржол вагондары мен палаткаларда және басқа да үй-жайларда және сондай-ақ донорлардың, қан алушы жүргізетін қызметкерлердің қауіпсіздігі мен консервацияланатын қанның сапасын қамтамасыз еткен жағдайда жүргізіледі.

17. Донорлық функцияның орындалу ұзақтығы қан алуудың бүкіл кезеңін үткімді үйімдастыру есебінен барынша қысқаруы тиіс.

18. Көшпелі жағдайда көшпелі бригаданың жетекшісі: бригаданың құрамын, жарақтандыру мен жабдықтауды толықтырады; қан дайындаудың барлық кезеңін, оны сақтау мен қан қызметі үйіміна тасымалдауды үйімдастырады;

донорларды медициналық куәландыруды жүргізеді;  
донорларда реакция немесе асқынулар туындаған жағдайда шұғыл көмек  
көрсетеді;  
донорлық мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

19. Тіркеу орнының медициналық тіркеушісі:

1) "Тегін донор картасын" немесе "Ақылы донордың медициналық картасын" немесе қызметін қан қызметі саласында жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының картотекаларын толтырады. Қан тапсырғаннан кейін жоғарыда көрсетілген нысандағы мәліметтердің негізінде бул күнге жумыстар босату

туралы анықтама мен ақшалай өтемақыға құжат беріледі;

2) есепке алу журналы толтырылады (көшпелі жағдайларда - өтеусіз донорларға, стационарлық жағдайда - өтеусіз немесе ақылы донорларға бөлек). Жұмыс аяқталғаннан кейін есепке алу нысандары тапсырылады.

20. Дәрігер-зертханашы немесе зертханашы донорлардағы гемоглобиннің көрсеткіші мен КТТ (қанның топтық тиістілігін), қанның резус тиістілігін анықтайды, "Донордың медициналық картасына" енгізіледі және түсі топтық тиістілігіне сәйкес келетін, бірдей нөмірлі, жабысқақ таңбалар жиынтығы жапсырылады.

21. Дәрігер қан донорларын тексеруді жүргізеді, қан тапсыруға рұқсат беру немесе "Донордың медициналық картасына" енгізілетін қан беруге, плазма беруге қарсы айғақтарының бар екендігі туралы қорытынды береді.

22. Қан, оның компоненттерін дайындау процесінде донорларда реакция немесе асқыну туындаған жағдайда шұғыл медициналық көмек көрсетуді донорларды толықтыру бөлімшесінің дәрігері жүргізеді.

23. Қан дайындау бөлімшесінің медициналық тіркеушісі донордан сұрай отырып оның атының, тегінің, әкесінің атының "Донордың медициналық картасындағы" және жеке басын куәландыратын құжаттағы мәліметтерімен сәйкестігін салыстырады да "Донордың медициналық картасына" қан, плазма тапсырғаннан кейін жазба жасайды.

24. Қаны бар гемакондар сақтау орындарына арнайы науаларда тасымалдайды.

25. Қан беруге дейін донорлар нан немесе печеньемен және тәтті шаймен қамтамасыз етіледі.

26. Қанды дайындау кезінде қанның байланыс арқылы жұқтырылуын болдырмау үшін медицина қызметкерлерінің құрамы антисептиканың барлық талаптарын сақтайды.

27. Эксфузионистер жұмыстың басында арнайы медициналық киім, қалпак, аяқ киім киеді, қолын тазалайды және стерильденген резеңке қолғаптар киеді.

28. Қан алу процесінде қолмен ұстауға немесе гемакон инесінің тікенекті бөлігін, антисептик ерітіндісімен тазартылған көктамырды тесетін тұстағы теріні стерильденбеген нәрселермен, материалмен тиісуге жол берілмейді.

29. Жұмыс істеу кезінде аспаптар (қысқыштар, пинцеттер, қайшылар мен басқалар) 70 ° спирті немесе 4% сутегі тотығы бар ыдыста бұйымдар толығымен бататында болып жатуы керек.

30. Эксфузионисттер жұмыс басталардың алдында антисептикпен қолындағы резеңке қолғаптарды және донорлармен жұмыс істеу кезінде дезинфекциялаушы ерітінділермен қайта-қайта тазартады.

31. Қан алу бойынша үздіксіз жұмыстың ұзақтығы төрт сағаттан аспауы тиіс, одан кейін медицина қызметкерлерінің құрамына демалыс беріледі немесе толығымен бригаданың құрамы ауыстырылады.

32. Эксфузионист гемакондары бар пакеттерді ашпай тұрып бұйымның жарамдылық мерзімін тексереді, қолмен басу арқылы орамдардың бүтіндігін көзben бақылауды жүзеге асырады. Пакеттер басылып қалған жағдайда, яғни ауа шыққанда орам тұмшаланбаған деп саналып, гемакон пайдаланылмайды. Орамдарды ашқаннан кейін қаптың ылғалды үстіңгі беті сұйықтың ағып кеткендігі туралы құдік туғызады. Егер орамда бір және одан да көп қап су болса немесе консервациялайтын ерітінді лайланған, жүзгін, зен бар болған жағдайда бүкіл гемакон пакеттерін пайдаланбаған жөн. Консервациялайтын ерітіндісі бар гемакондарды қолмен басу арқылы оның тұмшалылығы тексеріледі, штуцер мембраналарының тұмшалылығына аса көңіл бөлінеді. Штуцер мембранасының үстінде консервациялайтын ерітінді болған жағдайда гемакон жарамсыз деп табылады. Ақаулар контейнердегі жапсырғыштардың астында жасырылуы мүмкін.

33. Контейнерлердің арасында консерванттардың қозгалуына кедергі жасамайтын қосарланған гемаконды қолдану кезінде қан алуға арналған контейнерге консерваннты ауыстырғаннан кейін эксфузионист олардың арасындағы тұтікке қысқыш қояды. Гемаконнан 7-10 см қашықтықта донорлық тұтікке ілгек жасалады, 15-20 см қашықтықта екінші ілгек жасалады. Иненің жанына қысқыш қойылады да гемакон таразыға орналастырылады.

34. Қанның қажетті мөлшерін алғаннан кейін эксфузионист тұтікті инеге жақынырақ қылып қысқышпен қайта қысады, дәнекерлеуішпен, дайындалған ілгектермен түйіншектеп тарта отырып немесе басқа да тәсілмен тұмшалайды. Тұмшалау орнын қысқышқа қатысты біріншіге тым жақын тұтікті қайшымен кеседі. Түйіншек пен тұмшалау қысқышының арасы сенімді болуы тиіс. Қапты кесіп тастағаннан кейін екінші түйіншекті тартуға және бірінші түйіншекті алдын ала тартуға жол беріледі. Одан әрі эксфузионист шыны аспапты қанмен толтырады. Көктамырды тескен жерге стерильденген тығын, белгілейтін таңғыш салынады. Қаны бар гемакон мен шыны аспаптар таңбаланады. Донордың қатысуы арқылы тегі, аты, әкесінің аты, қанның тобы таңбалау бақыланады.

35. Гемаконмен қосылған төменгі тұтіктің бөлігінде қалған қан ұйып қалудан сақтайтын консервациялайтын ерітіндімен араластыру үшін гемаконға толығымен ауыстырылады, содан кейін тұтіктің бөлігі қайтадан консервациялайтын ерітіндімен араластырылған қанмен толтырылады.

36. Жұмыс процесінде қолғап қанмен ластанған жағдайда оларды тездетіп дезинфекциялайтын ерітінділердің біреуімен қатты суланған тығынмен сұртіп, содан кейін ағынды сумен жуып, қолғаптарды ауыстырған жөн.

37. Орамданған донорлық қаны бар гемакондар мен шыны аспаптар арнайы металл торға орналастырылады және мүмкін қысқа мерзімде  $+4 \pm 2^{\circ}\text{C}$  температурада тоңазытқышта сақтау үшін ауыстырылады.

38. Қөшпелі жағдайда дайындалған консервацияланған қаны бар гемакондар қан қызметі ұйымдарына жылу өткізбейтін контейнерлерде тігінен орналастырылып, кез-келген көлікпен тасымалданады. Контейнерлер бәсендеткіш төсөніштерсіз мықтап бекітіледі.

39. Қанды қан қызметі ұйымдарына жеткізгеннен кейін ол тездетіп сақтау режимін қамтамасыз ететін тоңазытқышқа ауыстырылады.

40. Жаңадан тоңазытылған плазма, криопреципит алуға арналған консервацияланған, тағайындалған қан тездетіп, оны дайындау мөлшері бойынша тоңазытқышта сақтау үшін ауыстырылады. Қаны бар шыны аспаптар одан әрі зерттеу үшін тиісті зертханаларға жеткізіледі.

41. Әрбір зертханалық зерттеудің нәтижелері "Донордың медициналық картасына" және тиісті зертханалық журналға жазылады.

42. Қанды толық сынағаннан кейін арнайы бөлінген қызметкер бақылау зерттеулердің негізінде қанның пайдалануға жарамдылығы туралы мәселені шешеді және оның заттаңбалауды жүзеге асырады.

43. Осы ережеге қосымшаға сәйкес заттаңба мынадай ақпараттан тұрады: ведомстволық тиістілігі (аббревиатураға жол беріледі), қан дайындастын ұйым мен қаласының толық атауы, донордың тіркеу нөмірі, донордың тегі, аты, әкесінің аты, қанның тобы, резус тиістілігі, дайындау күні, жарамдылық мерзімі, сақтау температурасы, қанды дайындауға жауапты дәрігердің тегі, аты, әкесінің

а т ы .

Қанның резус-теріс заттаңбасына "Резус-оң (Rh-)", қанның резус-оң заттаңбасына "Резус-оң (Rh+)" деген мөртәнба қойылады.

Дайындалған күні, жарамдылық мерзімі нүктө арқылы араб сандарымен белгіленеді. Мысалы: 02.05.1999 жыл.

44. Заттаңба қосымша жүргізілген тесттер (Мысалы: цитомегаловирус, токсоплазмозға және басқаларға тестілеу туралы) туралы ақпараттан тұрады.

45. Қан препараттары әрбір қан препаратына арналған белгіленген тәртіппен бекітілген технологиялық регламентке сәйкес жүргізіледі.

### **3. Қан мен оның компоненттерін, препараттарды, консервациялау ерітінділерін сақтау, өткізу**

46. Дайындалған қан сынаққа дейін және нақты паспорттауға дейін тоңазытқыштар мен тоңазытқыш камераларда арнайы бөлінген серелерде "Тексерілмеген қан! Беруге болмайды!" деген жазумен сақталады.

47. Консервацияланатын қанды сақтауға арналған тоңазытқыштар немесе тоңазытқыш камералар негізгі желіге қосуға қосымша резервтік электрлік коректендіру көзіне қосылуы тиіс.

48. Сақтаудың температуралық режимінің мониторингі жүргізіледі.

49. Қаны мен оның компоненттері бар гемакондар топтық және резус-тиестілігіне қарай тоңазытқыштарда немесе тоңазытқыш камераларда жеке сақталады. Әрбір топтың өзінің сақталатын тоңазытқышы мен тоңазытқыш камерасының сөрелерінде тиісті белгілері болады.

50. Дайындалған қан мен эритроциттерден тұратын компоненттер +4 ° С-дан +6 ° С-қа дейінгі температурада тік күйінде сақталады. Сақтау мерзімі консервациялайтын ерітіндінің құрамына қарай болады.

51. Лейкоциттермен және тромбоциттермен біріктірілген эритроциттер 24 сағат бойы +4 ° С-дан +6 ° С-қа дейінгі температурада сақталады.

52. Тромбоциттер бөлуге арналған қан дайындалған сәтінен бастап кем дегенде 6 сағат бойы +20 ° С-дан +22 ° С-қа дейінгі температурада сақталады.

53. Тромбоциттік қоймалжың 5 тәулік бойы +20 ° С-дан +22 ° С-қа дейінгі температурада тромбомиксері бар терmostатта және ол болмаған жағдайда 24 сағатқа дейін сақталады.

54. Лейкоциттік қоймалжың 24 сағат бойы +20 ° С-дан +22 ° С-қа дейінгі температурада сақталады.

55. Жаңа тоңазытылған плазма дайындауға арналған қан кем дегенде 6 сағат бойы +4 ° С-дан +6 ° С-қа дейінгі температурада, ал тоңазытылған плазма дайындалған сәтінен бастап 24 сағат бойы сақталады.

56. Жаңа тоңазытылған плазма, жаңа тоңазытылған крипреципитат -30 ° С 24 ай бойы, -25 ° С-тан 30 ° С-қа дейін 12 ай бойы, -18 ° С -24 ° С 3 ай бойы сақталады.

57. Альбумин ерітінділері, иммуноглобулиндер, VIII факторы глюнаты, қоймалжың-қан препараттары, құрғақ крипреципитат заттаңбада көрсетілген температурада және мерзімдер бойы сақталады.

58. Консервациялайтын ерітіндісі бар гемакондар құрғақ, көлеңке үй-жайда заттаңбада көрсетілген мерзімде 0 ° С-дан +25 ° С-қа дейінгі температурада сақталады.

59. Сынақтың нәтижесі бойынша пайдалануға жарамды деп танылған қан арнайы журналда тіркеледі және компоненттер дайындау үшін, препараттарды дайындау үшін өндеуге немесе ерекше жағдайларда медициналық ұйымдарға беру үшін тиісті бөлімшелерге беріледі.

60. Қан мен оның компоненттерін, препараттарды өткізбестен бұрын оларды макробағалау мен заттаңбаға сәйкестігі жүзеге асырылады, жарамдылық мерзімі тексеріледі.

61. Өткізу немесе өндірілу үшін жарамсыз қан, оның компоненттері мен препараттары акты бойынша есептен шығарылуы және жойылуы тиіс.

62. Консервацияланған қанның жарамсыздығы туралы қорытынды үшін мыналар негіздер болып табылады:

- 1) орамның тұмшалануының бұзылуы;
- 2) айқын көрінетін гемолиз, қан мен эритроциттерден тұратын компоненттерінде қоймалжындардың болуы;
- 3) плазмалардың лайлануы, үлпектердің, жабындардың және жұқпалардың басқа да белгілерінің болуы;
- 4) мерезге, АГ-АТ мен АҚТҚ-1,2-ге және С гепатиті вирусына антиденеге, (HbsAg) үстірт антигеніне оң реакция, АЛТ-тың деңгейінің артуы;
- 5) қанның нақты мөлшерінің контейнердің заттаңбасында көрсетілген мөлшеріне сәйкесіздігі;
- 6) талдау нәтижелерінің болмауы;
- 7) таңбалар мен заттаңбалардың болмауы, сондай-ақ оларды түсініксіз ресімдеу;
- 8) қан препараттының нормативтік құжаттарға сәйкесіздігі.

Қан қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын үйымдарда қан мен оның компоненттерін, қан препараттарын, консервациялау құралдарын дайындау, өндіріс, сақтау, өткізу ережесіне

қосымша

Үлгі \_\_\_\_\_  
(ведомствоның атауы)

(мекеменің атауы)

Консервацияланған қан \_\_\_\_\_ МЛ

Консервант \_\_\_\_\_ (атауы) \_\_\_\_\_ МЛ

Донордың тіркеу нөмірі (таңбасы) \_\_\_\_\_

Донор (Т.А.Ә.) \_\_\_\_\_

Қанниң тобы \_\_\_\_\_

Резус-тиістілігі \_\_\_\_\_ (мөртаңбасы)

Қаң

д а й ы н д а л ғ а н

күн

Жарамдылық мерзімі

Сақтау

т е м п е р а т у р а с ы

4 + 2 °C

Қанды дайындауға жауапты дәрігер (Т.А.Ә.)

В, С гепатиттеріне, АКТҚ-ға, мерезге тесттер - теріс.  
Назар аударыңыз! Дәрігер қан құю алдында мыналарға міндетті:  
науқастың қан тобы мен құйылатын қанның тобын тексеруге;  
донор эритроциттерінің топтың және резус-тиістілігі бойынша  
науқастың сарысуымен сәйкестілігіне сынау жүргізу;  
биологиялық сынау жүргізу.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК